



# EGEMEN QAZAQSTAN

№235 (30464) 8 ЖЕЛТОҚСАН, БЕЙСЕНБІ 2022 ЖЫЛ

Жүз жылдық жыйнама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

## «Алтын сапа» жеңімпаздары



Суреттерді түсірген Алматы ДИКСИОНА

Кеше Астанада «Алтын сапа» және «Парыз» сыйлықтарының жеңімпаздары анықталды. Үздіктерді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев марапаттады.

**Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ,**  
«Egemen Qazaqstan»

ішкі жалпы өнімдегі үлесі үш есе өскенін және қазір ел экономикасының 34 пайызына жуықтағанын айтты.

– Бүгінде осы салада 3,5 млн-нан астам адам жұмыс істейді. Бұл – еңбек ететін

халықтың 40 пайызы деген сөз. Тағы бір жетістік: былтыр өңдеу өнеркәсібінің экспорты рекордтық көрсеткішке – 20 млрд долларға жетті. Осы жылдың соңына дейін жалпы құны 2 трлн теңге болатын 160 жоба жүзеге асырылады. Соның нәтижесінде 17 мың жаңа жұмыс орны ашылады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы алдағы

жеті жылда кәсіпкерлік белсенділікті шектейтін барлық кедергіні жоюға күш салынатынын айтып, бизнесті өркендету үшін нақты шаралар қабылдана беретініне тоқталды.

– Бизнесті реттеудің жаңа тәсілдеріне тоқталайын. «Таза парактан реттеу» институтын енгізуге бір жыл қалды. Үкімет бизнестің дамуына кедергі келтіретін артық талаптарды анықтау жөнінде ауқымды жұмыс жүргізді. Экономиканың түрлі саласында жаңа реттеу саясатына сай келмейтін 6,5 мыңнан астам талап анықталды. Енді Үкімет «Атамекен» палатасымен бірлесіп, заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге тиісті өзгерістерді жедел енгізуі керек. 2024 жылдың басынан бастап жаңа тәсілдерге іс жүзінде көшуіміз қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, бизнесті негізсіз және шектен тыс бақылауға, қылмыстық қудалауға жол беруге болмайды. Кәсіпкерлерді негізсіз тексерулерден қорғауға, қылмыстық процеске заңсыз тартуды болдырмауға бағытталған кешенді шаралар қазірден бастап қолға алынып жатыр.

(Соңы 2-бетте)

## Экономикалық ынтымақтастық



Мемлекет басшысы Астанаға ресми сапармен келген Литва Республикасының Сыртқы істер министрі Габриэлюс Ландсбергисті қабылдады.

Кездесу барысында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты нығайтуға баса мән беріле отырып, Қазақстан мен Литва қарым-қатынастарын дамыту перспективалары, сондай-ақ халықаралық ұйымдар аясындағы іс-әрекет мәселесі талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Габриэлюс Ландсбергиске ілтипат білдіре отырып, Литва еліміздің Балтық жағалауы аймағы мен Еуропалық Одақтағы басымдыққа ие серіктесі екенін атап өтті.

Кездесуде үкіметаралық ынтымақтастықты және екі елдің іскер топтары арасында

көлік, логистика, құрылыс және өңдеу өнеркәсібі салаларындағы іс-әрекетті жандандырудың маңыздылығы сөз болды.

Өз кезегінде Габриэлюс Ландсбергис Қасым-Жомарт Тоқаевқа, Литва Президенті Гитанас Науседаның жүрекжарды сәлемін және ізгі тілегін жеткізді. Сонымен қатар Литва Қазақстанды Орталық Азиядағы жетекші сауда-экономикалық серіктес ретінде қарастыратынын атап өтті.

Бұдан бөлек, олар халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

### РЕСМИ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

##### А.Қ. Байхановты тағайындау туралы

Асайын Қуандықұлы Байханов Павлодар облысының әкімі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 7 желтоқсан № 41

##### Асайын Қуандықұлы БАЙХАНОВ

1977 жылы Павлодар облысында туған. Павлодар мемлекеттік университетін, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген.

Еңбек жолын 2000 жылы Еуропа қайта құру және даму банкінде сарапшы болып бастаған. 2000-2003 жылдары аталған банктің шағын бизнес бағдарламасы бойынша Екібастұз және Семей қалаларындағы консультанты болған. 2004-2007 жылдары «Прокредит Украина» жабық акционерлік қоғамының консультанты, бөлім басшысы, атқарушы директоры болып жұмыс істеген. 2007-2009 жылдары «Нурбанк» акционерлік қоғамының басқарушы директоры, Басқарма төрағасының орынбасары қызметтерін атқарған. 2009-2010 жылдары «Үміт» «Агро азық-түлік» компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қаржы директоры болып жұмыс істеген.

2010-2015 жылдар аралығында «B2B KazCoolTrans» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бақылау кеңесінің төрағасы болған. 2015-2019 жылдары «КазАгроӨнім» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасының орынбасары болған.

2020 жылы Павлодар облысы әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалған.

2021 жылғы шілденен бастап Павлодар қаласының әкімі.

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

##### Д.К. Ахметовті тағайындау туралы

Даниал Кенжетайұлы Ахметов Шығыс Қазақстан облысының әкімі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 7 желтоқсан № 42

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

#### «Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 229 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

##### ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. «Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №229 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы»;

##### 1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін шағын кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілерін тексерулерді және профилактикалық бақылауды барып жүргізуді тоқтатсын, оған мыналар қосылмайды»;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүргізілетін жоспардан тыс тексерулер».

2. Осы Жарлық 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 7 желтоқсан № 44

## Екібастұздағы жағдай – Президент бақылауында

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Екібастұздағы жөндеу жұмыстарының барысы туралы Премьер-Министрдің баяндамасын тыңдады.

Қабылданған шаралар қаланы қиын жағдайдан шығаруға септігін тигізді. Екібастұзға келген Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға тұрғын

үйлерді жылумен қамтамасыз етуді қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарға жедел басшылық жасау тапсырылды. Бұл бағыттағы жұмыстар аяқталуға жақын.

Мемлекет басшысы Үкіметке қалаларды қысқы жылыту маусымына дайындау кезінде жіберілген қателіктерге мұқият талдау жүргізу міндетін жүктеді. Сондай-ақ Үкіметке Екібастұзда және басқа да елді мекендерде қалыптасқан күрделі жағдайды түбегейлі өзгерту үшін нақты

шешімдер қабылдау тапсырылды. Бұдан бөлек, жекешелендірілген энергетикалық активтерге және олардың иелерінің жауапкершілігіне қатысты мәселелерді шешу қажет. Президент Үкімет пен құқық қорғау органдарының барлық жұмысы өзінің жеке бақылауында екенін атап өтті.

### АПАТТАН КЕЙІНГІ АХУАЛ

## Барлық үйге жылу берілді

27 қараша күні болған апаттан зардап шеккен үйлердің барлығына жылу берілді. Шаһардың жылу жүйесіндегі теңгерімсіздікке байланысты техногендік сипаттағы төтенше жағдай әлі де болсын сақталуда.

**Мұрат ҚАПАНҰЛЫ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Екібастұздағы жөндеу жұмыстарының барысын назарда ұстап отыр. Кеше Премьер-Министрдің көмірлі шаһардағы апатты жою жұмыстары бойынша баяндамасын тыңдай келіп, Мемлекет басшысы Үкіметке қалаларды қысқы жылыту маусымына дайындау кезінде жіберілген

қателіктерге мұқият талдау жүргізу міндетін жүктеді.

Жедел штаб басшысы, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың айтуынша, 7 желтоқсан күні барлық зардап шеккен үйлерге жылу берілді. Желілік судың параметрлері келесідей: қысымы 8,8 кг/см2, тұзу бағыттағы жылу жеткізу 83 градус және кері бағытта 56 градусты құрайды.

(Соңы 5-бетте)

